



№35 (10025)
4 мамыр,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары



Азық-түлік бағасын реттеу — маңызды мәселе

Үкімет отырысында азық-түлік тауарларының қоры мен бағасын реттеу мәселесі қаралды. Одан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.

Айта кетейік, аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі 98,8 пайызды құрайды. Яғни республикалық орташа көрсеткіштен 1,5 пайызға төмен. Алайда оны тұрақты ұстап тұру маңызды. Осы ретте облыс әкімі бірінші кезекте нарықта халық тұтынатын тауарлардың қоры жеткілікті болуы қажет деп есептейді.

«Өткен жылдан бері көкөніс өсіруші шаруашылықтарды алдын ала 70 пайыз қаржыландырып, форвардтық келісім-шарт жасау тәжірибеге енгізілді. Енгізілген өзгерістерден және жүргізілген тауар интервенциясынан кейін көкөніс бағасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда біршама төмен. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы қажет, — деді аймақ басшысы.

Негізгі азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін ішкі саудадағы делдалдық тізбекті қысқарту және сауда үстемесін 15 пайыздан асырмауды ұйымдастыру тапсырылған болатын. Арнайы комиссия әзірлеген алгоритмге сәйкес бағасы өскен өнімдер бойынша мемлекеттік кірістер департаментінен алынған ақпарат негізінде талдау, мемлекеттік бақылау жүргізу белгіленген. Осы ретте Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне бағаны тұрақты бақылауда ұстау міндеттелді.

Мәжіліс қорытындысымен «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарда 19 әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарының үздіксіз сатылуын қамтамасыз ету, әлеуметтік дүкендер қызметін жетілдіру бойынша нақты ұсыныс беру тапсырылды. Мұнан бөлек облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармалары облыстық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментімен бірлесіп, белгіленген алгоритмге сәйкес делдалдық тізбекті қысқарту бойынша тиісті жұмыс жүргізуі тиіс.

Стадион құрылысы басталды

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының сол жағалауына салынатын жаңа стадионның іргетасын қалау рәсіміне қатысты. Бұл негізін аймақтағы спорт жанаһырлары мен жанкүйерлердің бірнеше жылдан бері көтеріп жүрген мәселесі еді.

— Бүгін — аймағымыз үшін айтулы күн, көптен күткен қуанышты сәтте бас қосудамыз. Мереке күні өздеріңізбен бірге халықаралық талаптарға сай келетін 10 мың орындық жаңа стадионның іргетасын қалаймыз. Өздеріңізге белгілі, Тәуелсіздік жылдары елімізде заманауи екі стадион, яғни «Астана арена» мен «Түркістан арена» ғана салынған. Қызылордадағы Фани Мұратбаев атындағы орталық стадионның салынғанына 60 жылға жуықтады. Стадион УЕФА талаптарына сәйкес келмейді. Сондықтан біздің сүйікті командамыз «Қайсардың» жанкүйерлерінің ұсынысымен жаңа стадион салуға шешім қабылдадық. Баршамызға құтты болғай, — деді аймақ басшысы.

Іс-шарада футболдан Қазақстан құрама командасының капитаны, бес дүркін ел чемпионы және Қазақстан кубогының жеңімпазы, екі дүркін Қазақстан кубогының иегері Асхат Тағыбергел жерлестерін құттықтады. Жаңа стадионның іргетасын қалау сәтінде мемлекет және қоғам қайраткері Бакбергел Досманбетов бата берді.

Айта кетейік, биыл Сыр өңірінде жағымды жаңалықтар мен жарқын жетістіктер жетерлік. Қызылорда қаласында құны 2 млрд 700 млн теңге болатын үстел теннисі орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Сырдария өзенінің сол жағалауынан физика-математика мектеп-интернаты, Оқушылар сарайы және музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынууда. Халықаралық стандарттарға сай келетін жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталды.

Өткен жылы аймақта 7 дене шынықтыру-сауықтыру кешені ел игілігіне табысталса, биыл аудандарда 4,7 млрд теңгеге 12 спорт кешенін пайдалануға беру жоспарлануда. Жыл басынан бері Сыр спортшылары әлемдік арена-ларда өнер көрсетіп, облыс қоржынына 6 медаль салса, республикалық чемпионаттар мен кубоктардан 140 жүлде иеленді. Басты жетістік, Қашыбек Қоңқабаев бокстан, Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен Париж олимпиадасына, қос бірдей спортшы Эрик Қасқабаев пен Шыңғыс Медеуов отырып ойнау волейболынан паралимпиадаға жолдама алды. Дзюдо, парадзюдодан да үміткерлер бар.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Көкөніс бағасы көтерілген

Азық-түлік арзандар емес, қымбаттап барады. Бұрын баға маусымдық мезгілдерде тұрақсызданып, кейін қалпына келіп жататын. Ал қазір қымбатшылық қалыпты жағдайға айналғандай. Үкімет әлеуметтік азық-түлік бағасының тұрақтылығына аса мән беріп, бірқатар бағдарламалар да енгізді. Нәтиже бар, бірақ халық күткендей емес. Әсіресе көкөністің бағасы қалтаға ауыр тиіп тұр.

Тәжікстан мен Өзбекстан 4 мың тонна көкөніс импорттамақ

Статистикаға сүйенсек, елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі үш апта қатарынан төмендеген. Бағаның төмендеуі қарақұмық жармасы, пияз, күнбағыс майы, ұн және басқа да өнімдер бойынша байқалып отыр. Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасының анақұрлым ауытқуына жол бермеу үшін ел нарығына Өзбекстан мен Тәжікстаннан «жасыл дәліз» арқылы және делдалдар мен алысатарларсыз көкөністер тиімдірек бағаммен жеткізілетін болады. Нақтырақ айтсақ, Үкімет тарапынан жалпы көлемі 4 мың тонна импорттық көкөністерді, оның ішінде 2 060 тонна картоп пен 1 940 тонна пияз жеткізуге келісім-шарт жасалған.

Жалпы алғанда, өкімдіктер кемінде 18,6 мың тонна картоп, 7,2 мың тонна сәбіз және 5 мың тонна пиязға алдын ала келісім-шарт жасау қажет. Қазіргі уақытта қолда бар қорлардан 81 мың тонна көкөніс өнімдері пайдалануға берілген.

Елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасы қатаң бақылауда екені белгілі. Үкімет жыл басынан бері мүдделі органдармен бірлесіп, тауарлық үстеме бағаны асырған 732 фактіні анықтап, 1 мыңнан астам өкімшілік іс қозғаса, 109 өкімсіз делдал бұғатталған. Жалпы жыл басынан бері баға белгілеуге өсер ететін 2,5 мыңнан астам тізбекке талдау жасалып, сауда, салық және монополияға қарсы заңна-



маларды бұзудың 800-ден астам тәуекелі анықталған.

Көкөніс егетіндер аз емес

Сыр өңірінде көкөніс бағасының көрсеткіші басқа аймақтарға қарағанда әлдеқайда тұрақты. Жергілікті билік те алдағы уақытта бақша өнімдерінің бағасы тұрақты болатынын айтады. Иә, сырбайлықтар соңғы уақытта егістікті әртараптандыруға аса көңіл бөліп, көктемде бақша дақылын егуді әдетке айналдырған.

Мәселен, былтыр ауданда жеке тұрғындар тарапынан картоп, көкөніс және басқа да бақша дақылдарын егуге 500 гектар жер бөлінген. Сол жерге 921 отбасы 217,3 гектар картоп, 63 гектар көкөніс, 219,7 гектар басқа да бақша дақылдарын еккен. Осылайша жалағаштықтар еңбектің арқасында қыстық азығын жинап алған болатын.

Биыл да бұл үрдіс жалғасын таппақ, тіпті бөлінетін жер көлемі де былтырғыдан көп екен. Ал шаруа қожалықтар былтыр 75 582 центнер картоп, 190022 центнер көкөніс және 283 824 центнер басқа да өнім алған. Өздеріңізге белгілі, жергілікті ша-

руа адамдары өзінің өнімдерін жәрмеңкеге әкеліп, қолжетімді бағада саудалауды үрдіске айналдырған. Мәселен, аудандағы «Ер-Әлі» ШҚ бұл мақсатта былтыр картоптың 1 келісін 120 теңгеден, сәбізді 125 теңгеден сатты. Мұнан бөлек аудан бойынша «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының тұрақтандыру қорындағы өнімдер жылжымалы жәрмеңке арқылы тұрғындарға төмен бағаммен ұсынылуда. Бұл шаралар да бағаның тұрақтауына сеп болады.

Жандос ЖАЗКЕН

Отбасылық бизнес



Өзіме таңсық дүниелерден бейнеролик жасағанды жақсы көремін. Бірде аудандан ашылғанына көп болмаған «Tatty waffle» деп аталатын кішігірім кафеде видео түсірмек болдым. Кәсіпорын ішіндегі сондай дәмді иіс өзіне баурап барады, жұмысым аяқталған соң кейіпкерімнен кәсіпорынның бүгінгі тынысы жайында сұрадым. Кәсіпкер келіншек жаны жайсаң кісі болғасын ба, әңгімеміз жараса кетті.

— Отау құрғанымда биыл 4 жыл болды. Бастапқы жылдары өзім бітірген мамандық бойынша дефектолог болып жұмыс жасадым. Кейін бала күтіміне байланысты демалысқа шықтым, бірақ үйде бос жүрмейін деп жолдасымға «осы кәсіпті бастап көрейік» деп ұсыныс тастадым. Біріншіден, ауданда бұндай кәсіп өлі қолға алынбаған, екіншіден, үнемі халықтың сұранысында жүретін тәттілер болғандықтан ойланбастан кірісіп кеттік. Жалпы дайындығымызға да көп уақыт кетпеді, небәрі бір айдың ішінде жалға алатын орын тауып, оны өзіміздің идеямызбен сәндеп ашып алдық. Қызығы соң халыққа ұнаған болуы керек, алғашқы күндерден-ақ тұтынушылар қызығып келе бастады. Бірі кафеміздің ішіне қызықса, енді бірі орталыққа мұңығен вафлидің ісіне қызықты. Қазір кәсіпорынның ашылғанына 6 айға жуықтады. Кәсібімізді бұрынғыдан да кеңітіп, халыққа ұсынатын тәттілерді де көбейттік. Өзіміздің сүйікті жұмысымыз да таптым, — дейді жас кәсіпкер Аружан Бақытжанқызы.

Кәсіпкер келіншек

Соңғы жылдары кәсіпкерлік саласының серпін алуына нәзікжандылардың қосқан үлесі зор. Соның бірі бүгінгі кейіпкерімізбен әңгімелесу қолынан келгенше ауданның да көркеюіне ат салысқысы келетінін аңғардық. Өзі дефектолог маман болып жұмыс істеп жүрсе де қосымша «шоколадты құлпынай» кәсібімен айналысып, бұл кәсіпті ауданға алғаш алып келген қыздардың қатарында.

Ол бейжеткен кезінен дәмді тағамдар мен тәттілер пісіруге епті болды. Бұл іске қызығушылығы басым Аружанның сол кездегі арманы ресторандар ашу екен. Сол арманның жетегінде жүріп, кәсібінен нәсібін тауып жүрген кейіпкеріміз бүгінде халықтың алғысын алып, талғампаз тұтынушылардың көңілін шығуда. Сондай-ақ жас кәсіпкер бүгінде 3 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Бізге ұсынған гонконгтық вафлиді жеп отырып мәзірге көзіміз түсті. Жалпы дүкенде вафлидегі балмұздақтан бөлек түрлі дәмдегі лимонадтар, коктейльдер, шоколадты құлпынай, сонымен қатар жақында ғана қосылған бабл ти суындарын халыққа ұсынып жүр. Бағалары да халық үшін қолжетімді. Тұтынушылар көңілінен шыққанын адамдардың үзілмей келіп жатқанынан-ақ байқауға болады. Біз барғалы әлі де адам аяғы үзілмеді.

— Кәсіппен айналысуға ең алғаш қадамым сұлулық салонынан бастау

алды. Жолдасыммен отау құрғаннан кейін келіндік қызмет атқарып үлгермей кеттім. Бірақ араға уақыт салып, отағасының қолдауымен үйде отырып-ақ «шоколадты құлпынай» әзірлеуді бастап көрдім. Ауданда әлі мұндай кәсіпті ешкім қолға алмағасын ба, бәріне қызық болған сияқты, тапсырыс көп түсті. Әсіресе тәттіні қыздар қауымы жақсы көреді ғой, 8 наурыз, түрлі туған күндер және тағы басқа мерекелерде көп тапсырыс түсіп жатады. Кейін бала күні арманымызды орындап, кішігірім болса да кафе ашып алдық. Енді болашақта кафемізді үлкейтіп, мәзірге басқа да тәттілер қоссақ деп жоспарлап отырмыз, — дейді кейіпкеріміз.

Байқасаңыз, қазір балмұздақты біздің кәсіміздегідей тек жаз мезгілінде ғана жемейді. Бұл өнім жыл он екі ай халықтың сұранысында. Кәсіпті бастағалы кафеңің ашылуын уақытпен жарыса күтіп тұратын қонақтары да көп-ақ.

Иә, қазіргі таңда екі қолға бір күрек таппай жүрген әйелдер көп. Сондай-ақ кез келген істі бастағанда тәуекелге бел буып, алған бетінен қайтпай, айқын мақсатына жететіндер де аз емес. Сондай тәуекелшіл жандардың бірі — кейіпкеріміз Аружан Бақытжанқызы. Жеткен жетістігін аудан тұрғындарынан алған алғысына балаған ол бөкейлі кәсібі арқылы туған жерінің дамып, көркеюіне өзіндік үлес қосуды көздейді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Құрылыс сапасы бақылауда болады

Жалағаш кентінде орталықтандырылған газ желісі 2021 жылдың шілде айында пайдалануға берілген. Содан бері кенттегі 2 868 тұрғын үй, 12 әлеуметтік, 127 кәсіпкерлік нысан орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Қазіргі таңда ауылдық елді мекендерді газдандыру жұмыстары басталып кетті. Аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы депутаттық фракциясының отырысында аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов осылай деді.



Электр желілері жаңғыртылады

Кент тұрғындарының 90,7 пайызы газ тұтынады

Спикердің айтуынша, былтыр кент іргесіндегі Ақсу және М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстарын бастауға облыс қазынасынан 83,8 млн теңге қаралған. Быыл газ құрылысына Ұлттық қордан 200 млн теңге, облыстық бюджеттен 36,3 млн теңге бөлінген. Бүгінде қос ауылда да газ құрылысы қарқын алған.

Бұдан бөлек Жалағаш кентіндегі «Ақтерек» учаскесіндегі жаңа шағын ауданды газбен жабдықтау жүйесінің құрылысына ел тайқазанынан 603 млн теңге қаралған. Бүгінде ондағы газ құрылысы толық аяқталды.

Әліби Қодарұлы аудандағы әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін табиғи газға ауыстыруға «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында қаржы тартылғанын айтады. Мәселен, аталған бағдарлама аясында ауданға ел қазынасынан 25,5 млн теңге бөлінген. Бүгінде «Наркескен» спорт клубы мен аудандық кітапхана ғимаратын табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты қайта жаңғырту жұмыстары толығымен аяқталған. Ал былтыр облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 2 мектептің жылу жүйесін көпірді отынға ауыстыру жұмыстарына жобалық-сметалық құжаттар дайындалған.

Аудан әкімінің орынбасары ауылдық округтерді газдандыру жұмыстары елі де жалғасатынын айтады. Бүгінде Бұқарбай батыр, Қаракеткен, Далдабай ауылдарында газ тарату жүйелерінің және жеткізуші газ құбырының құрылысына демеушілер есебінен ЖСҚ әзірленуде. Егер бұл жоба жүзеге асқан жағдайда аудан тұрғындарының 40 пайызы көгілдір отын тұтынады.

Әліби Байнахатов елді мекендердің электр желілерін жаңғырту бойынша соңғы жылдары ауданда ауқымды жобалар қолға алынғанын айтады. Қазіргі таңда ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы 457,5 шақырымды құраса, электр жүйелерінің орташа тозу деңгейі – 45,2 пайыз. Былтыр Ақсу, Қаракеткен елді мекендерінің электр желілері күрделі жөндеуден өтті. Ал Жалағаш кенті мен Еңбек, М.Шәменов елді мекендерінің электр жүйесін қайта жаңғырту жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу демеушілер есебінен жүргізіледі. Жоба жүзеге асқан жағдайда аудан бойынша электр жүйесінің тозу деңгейі 25 пайызға азаяды.

Спикер ауызсу сапасын жақсарту, жалпы тұрғындардың төулік бойы оған қол жеткізуге жұмыс жасалып жатқанын айтады. Сөзінше, аудан тұрғындары толығымен орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. 2022 жылы 4 жобаға 1,1 млрд теңге қаржы қаралған. Оның ішінде 2 елді мекеннің ауыз су желілерін кеңейту және жаңадан ашылатын «Ақтерек» учаскесінде су ұңғамасы мен су тарату желілерінің құрылысы іске асырылып, былтыр бұл жоба да толық аяқталған.

Таң елді мекенін шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларын өндіруге арналған №2 Т барлау пайдалану ұңғамасын бұрғылап салу жұмысына жобалау-сметалық құжаттар әзірленіп, сараптамадан өткізілуде. Жобалаушы мекеме – «Пройснет» ЖШС. Одан бөлек Бұқарбай батыр елді мекенінде 1, Жаңаталапта 1 су мұнарасын сатып алу үшін былтыр облыстық басқармаларға бюджеттік

өтінім ұсынылды. Алдағы уақытта тұрғындардың сапалы ауызсу тұтынуына жұмыс жасаймыз, – деді Әліби Қодарұлы.

16 көппәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етеді

Ауданда 27 көппәтерлі тұрғын үй бар. 2014-2023 жылдары 10 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілген. Бірақ әлі 16 көппәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуді қажет етеді.

Быыл 2 тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ел қазынасынан 5,8 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда Үрімбаев көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үй жөндеуде. Дәл осы кешегі тағы бір көппәтерлі тұрғын үйдің күрделі жөндеу жұмыстары мамыр айында басталады. Мұнан бөлек 3 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ЖСҚ әзірленеді.

Шағын ауданда тұрғындарға 511 жер телімі берілді

2017 жылы Жалағаш кенті «Ақтерек» жер учаскесінде 170 гектарға түбегейлі-жоспарлау жобасы әзірленген. Онда тұрғындарға баспана салуға 511 жер телімін беру көзделген. Мұнан бөлек 26 көпқабатты тұрғын үй салынады. Бұл аумақта тұрғын үйдің жалпы алаңының 125,9 мың шаршы метрі орналастырылады. Осы орайда инженерлік-инфрақұрылым жүргізу мақсатында су ұңғымалары және су жинау-тарату кешеніне, тас жолдар, газ, электр мен ауыз су желілеріне жобалар әзірленіп, республикалық және облыстық бюджеттен су ұңғымалары, су жинау-тарату кешеніне, газ желісіне, электр желісі мен ауыз су желілеріне

құрылыс-монтаждау жұмыстарына толықтай қаржы қаралған. 2022 жылдың соңында «Электр желілері» пайдалануға қабылданған. Ал былтыр мамыр айында «Су ұңғымалары және су жинау-тарату кешені» нысаны қабылданған. Сондай-ақ ауыз су желілері де толық аяқталды. Былтыр желтоқсанда газ желісінің құрылысы да толық жүзеге асқан.

Әліби Байнахатов шағын ауданда инженерлік-инфрақұрылым құрылысы қаржыландырылса, тұрғын үй салу үшін жер телімін сұраған азаматтардың толықтай өтініші ескерілетінін айтады. Жобаның жалпы құны – 2 млрд 506 млн теңге.

Жалпы былтыр құрылыс бөлімі тарапынан бірнеше жоба әзірленген. Олардың қатарында Қаракеткен елді мекеніне 150 орындық ауылдық клуб құрылысына жоба-сметалық құжаттар әзірлеу жұмыстары бар. Қазіргі таңда бұл жоба толық сараптамадан өтіп тұр. Былтыр облыстық мәдениет басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылған. Жоба құны – 639,2 млн теңге. Мұнан бөлек Жаңаталап елді мекеніне 100 орындық ауылдық клуб құрылысына жоба-сметалық құжаттар әзірлеу жұмыстары жүзеге асқан. Бұл жоба да толық сараптамадан өтіп, тиісті басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылған.

Спикер алдағы уақытта барлық нысанның құрылыс сапасы бақылауда болатынын айтады. Сондай-ақ елді мекенде жүзеге асып жатқан жобаларда жергілікті халықтың да жұмысын қамтылуына ерекше мән беріліп жатқанын жасаймыз.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Акция

650 түп көшет егілді

1 мамыр – бірлік пен ынтымақ күнінде жалағаштықтар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Бірге Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберінде тал егу жұмыстарын жүргізді. Республикалық акцияға аудан тұрғындары, ардагерлер, этнос өкілдері, белсенді жастар, волонтерлер қатысып, қолдау білдірді.



– Тал егу акциясы басталғалы апта сайын қалмай мен де өз үлесімді қосыуға тырысамын. Жалағаштың жасыл желекке айналып, ауданымыздың көркеюі әрбір тұрғын үшін маңызды болуы қажет. Дана халқымыз «Адам – табиғаттың төл перзенті» демеуі ме, олар көктем келісімен-ақ ауласын тазалап, үйінің айналасына гүл, жасыл желектер егіп, су ағатын арықтың, каналдардың көзін ашқан. «Атаңнан мал қалғанда тал қалсын» дегендей, отбасымызбен бірге барында «Таза Қазақстан» акциясына өзміздің үлесімізді қосып жатырмыз, – дейді аудан тұрғыны Алишер Бақтыбаев.

Сондай-ақ аудан әкімі Ардақ Ибраимов акцияға қатысушыларға 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының құттықтауын жеткізді.

Айта кетейік, аудан бойынша өткізілген тал егу жұмыстары барысында жалпы саны 650 түп көшет егілді.

Ерлік дәріптелген күн

Аудандық төтенше жағдайлар және №11 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері бос уақытында Руханият орталығында Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні мерекесіне орай деректі фильмдерді тамашалады.



Деректі фильмнің тақырыбы Ұлы Отан соғысының батыры, алғашқы Қорғаныс министрі С.Нұрмағамбетов пен Халық қаһарманы Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналды. Аталған іс-шараның мақсаты – жас мамандар мен жеке құрамға батырлардың ерліктерін таныту, дәріптеу.

Мұна соң мұражайға атбасын бұрып, Ұлы Отан соғысында ерен ерлік көрсеткен жалағаштық жауынгерлер мен тыл еңбеккерлері, Кеңес-Ауған соғысына қатысқан жалағаштық интернационалист-жауынгерлер, генерал-майор Н.Әлпағамбетов пен соғыс және еңбек ардагері М.Шәменовтің өмірі мен еңбек жолы жайлы сыр шертетін экспозициялармен танысып, өздерінің тарихи танымын молайтты. Сонымен қатар мұражай қызметкері Қ.Сақтағанқызы аудан тарихы жайлы көптеген мәліметтерді еңгімелей, мұражай залдарына тақырыптық экскурсия ұйымдастырды.

«ЖЖ» ақпарат



Мерейтой иесіне құрмет

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов 80 жасқа толған ардагер Тынымкүл Алмағанбетованың шаңырағына арнайы барып, мерейтой иесін туған күнімен құттықтады. Батыр анаға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың арнайы құттықтауын жеткізіп, ел үшін еткен еңбек жолына шынайы алғысын білдірді.

Тынымкүл Алмағанбетова 1944 жылы 1 мамырда Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. Ұзақ жылдар бойы аудан экономикасын, мәдениетін, халықтың әлеуметтік тұрмысын көтеруге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға қосқан үлесін ескеріп, ҚР Президентінің Жарлығымен «ҚР Еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағы берілген.

Ол қазақ жерінің зиялы азаматтары ғұмырнамалық жинақтар сериясының он сегізінші кітабына енді. 2011 жылы «Жалағаш ауданының құрметті азаматы»

атанды. Былтыр 20 желтоқсанда елордада ҚР «Bilim-openetіe» инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен өткен «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» төсбеллігі берілді. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген зейнеткері, «Күміс алқа» иегері. Жолдасы Рахат Алайдаров көп жылдар ауыл шаруашылығы саласында қызмет еткен зейнеткер, еңбек ардагері. Қазіргі таңда асқар тау әке мен ақжарлықты ана 6 бала тәрбиелеп өсіріп, олардан немере-шөбере сүйіп отыр.

«ЖЖ» ақпарат

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты қазақстандықтардың бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты ресімдеу жолдарын насихаттау, «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының орындалуын қадағалау жұмыстарына атсалысып, белсенділік танытып жүрген азаматтарға қолдау көрсету, ынталандыру.

Байқау өткізудің міндеті республика, облыс аумағында, БАҚ-та (радио (аудио-диалог), телеарна (бейнежарнама), баспа) және әлеуметтік желілерде жарияланатын республиканың квазимемлекеттік секторының, кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерінің (облыстық, қалалық филиалдары) жарнама мәтінін әзірлейтін копирайтерлері мен мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандарды ынталандыру.

2. Байқауға ұйымдастыру тәртібі
3. Қазақстан Республикасы Ғылым

және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет) Байқауды ұйымдастырушы болып табылады.

4. Байқау аясында қоғамдық, квазимемлекеттік сектормен, жергілікті жерлердегі кәсіпкерлік (шағын және орта бизнес) субъектілерімен байланыс орнатады.

5. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Комитет анықтайды.

Қазылар алқасының құрамына кемінде үш адамнан тұратын филолог ғалымдар, қоғам қайраткерлері, журналистер кіреді.

6. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық даусы беру арқылы Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

7. Қазылар алқасының мүшелері Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

8. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

4. Байқауға қатысу тәртібі

8. Байқауға заңды тұлғалардың мемлекеттік тілде жарнама мәтінін әзірлейтін

копирайтерлері және мемлекеттік тілге аударма жасайтын мамандар, алғашқы шарт бойынша және т.б.) қатыса алады.

9. Байқауға қатысушылар:

1) осы ережеге қосымша берілген нысанды Байқауға қатысуға өтінімді;

2) 2023 жылғы қыркүйектен кейінгі мерзімде әзірленген және аударған жарнама мәтіндерінің тізбесін;

3) қазақ тілінде әзірленген және қазақ тіліне аударған жарнама, бейнежарнама, аудиожарнама мәтіндерінің жарияланған орындарын дәлелдейтін құжаттарды (БАҚ беттеріндегі, әлеуметтік желілердегі жарнамалар, телеарна мен радио атауы, фотосурет, баннер, билборд, сілтеме, скриншот, келісілген жарнама үлгілері және т.б.) жолдауы керек.

4. Байқауға қатысу үшін өтінім Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасына 2024 жылғы 1 шілдеге дейін тапсырылуы қажет.

5. Байқау қорытындысы туралы

10. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және Комитет бекіткен жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

11. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау өткеннен кейін 10 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және

Комитеттің интернет-ресурсына, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларына орналастырылады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Султан Бейбарыс көшесі №1, Облыстық мекемеуері үйі, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы, 317 кабинет.

Байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-14, 60-53-15. +7 7774994038, +7 7019064337.

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша

нысан

«Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» республикалық байқауына қатысуға өтінім

- Т.А.Ә. _____
- Жасы _____
- Білімі _____
- Қызметі _____
- Мекенжайы _____
- Байланыс телефондары _____
- Қосымша ақпарат _____

Қолы
Күні

Жемқорлықпен күрес – қоғам талабы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамның саналы және адамгершілікпен оған қарсы тұру қабілеті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – оны қабылдау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Адамгершілік пен азындық, құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет prizması арқылы адами қатынастар өлеміне көзқарас.

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғамды құруда отбасынан алынатын тәрбиенің маңызы зор. Оған қарсы мәдениетті насихаттау қоғамның түрлі салаларын қамтиды, оның ішінде өсіресе білім беру мекемелеріне жүктелетін жауапкершілік аса жоғары. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасында «Отбасы және білім беру саласы бұл үдеріске мүдделілік таныта отырып қатысуы керек. Бұл жұмысты мектепке дейінгі бала тәрбиесінен бастаған абзал» делінген.

Мұнда еске алғанда ұрпақтың жастайынан құқықтық санасы мен мәдениетін қалыптастыру, отансүйгіштік бағыттың құндылықтар негізінде тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден-бір ықпал ететін фактор болады.

Еліміздің әрбір азаматы қандай да бір заңнаманы сәйкесінде қолдана білсе, мемлекеттік қызметкердің өз лауазымын заңсыз қолдануына жол бермесе, яғни заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиімді қолданса, еліміз бұл дертен арлып, әлемдегі дамыған елдер қатарынан орын алуына үлкен үлес болады.

Роза ЖОЛАМАНОВА,
Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

Тарих



Ол 1919 жылы қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Ол кезде сол заманның тілімен айтқанда, Қазан төңкерісінің шұғыласы әлемді дүр сілкіндірген кез болатын. Содан әкесі Тасыбай мен шешесі Бибіханша жаңадан ұйымдасқан «Қызыл орақ» деп аталатын колхозға алғашқы мүшелердің бірі болып кірді. Колхоз бұрынғы Тереңөзек, қазіргі Сырдария ауданының орталығынан 2 шақырым қашықта орналасқан, онда сол тұста мектеп те болмады. Балалар аудан орталығындағы жеті жылдық мектепке жаяу қатынап оқитын.

Жеңіс парадына қатысқан ардагер

«Ол күндердің қиындығы мен қызығы өз алдына бір тарих» дейтін Болтай аға.

Содан не керек, 1933 жылы тұңғыш рет аудан орталығындағы жеті жылдық мектепті ең алғаш біз бітіріп шықтық. Бірге бітірген он бала Қызылорда қаласындағы Теміржол техникумының паровоз машинисті дайындайтын факультетіне оқуға түстік. Оқу оңайға соқпады. Техникумшілік тәртіп қатал. Дәлелсіз сабақтан қалу, қоғам жұмысына араласпау, бұзақылық жасау деген мүлде жоқ. Оқытушылардың бәрі де туысқан ұлттардың өкілдерінен, сабақ тек орыс тілінде ғана жүреді. Ал біз қазақ мектебін бітіріп барғанбыз. Орыс тілін түсінбей қиналып жүрдік. Қиындыққа шыдамағандар біріндеп оқуды тастап, ауылдарына кетіп жатты. Төртінші курста қарасақ, әлгі он баладан екеу-ақ қалыппыз. Бұл бір мақтанш емес, шындық жағдай еді. Талай рет кетуге бел байлап, арызымды жазып, техникум директорына барғалы тұрғанымда, бір оқушы жолдасым кіргізбей алып қалып жүрді. Сабақтан қиналсам, өзінің көмектесетінін айтатын, жылы сөйлеп, ақыл беретін. Сөйтіп «өне кетемін, міне кетемін» деп жүргенімде әлгі баламен достасуып кеттім. Бір партада отырамыз, бір бөлмеде жатамыз, бірге тамақ ішейміз, бірге сабаққа дайындапамыз, бірге оқуға барамыз. Әйтеуір егіз қозыдай айырылмай бірге жүретін болдық. Ол баланың аты жөні Константин Стрельников еді.

Студенттік өмірдің қиын да, қызықты да күндері осылайша артта қалып жатты. 1937 жылы, яғни екінші бесжылдықтың соңғы жылында техникуммен қош айтыстық.

— Сол студенттік өміріңіздің қиындығынан, есіңізде қалған қызықты күндерінен не айтар едіңіз? — деген сауал тастағанмын.

Болтай ағай тамағын көнеп алды да, асықтай әңгімесін жалғады.

— Біреуге қызық, енді біріне қызық болып көрінбеуі мүмкін. Десе де мен үшін техникум қабырғасында жүргендегі басымнан өткен екі оқиғаны бөліп айтқым келеді.

Бірінші, 1934 жылы комсомол қатарына өткенім болса, екіншісі, Қызылорда қаласындағы оқу орнынан 1937 жылғы Мәскеу қаласында болған физкультуралық Бүкілодақтық парадына қатысқан бес студенттің бірі мен едім. Қызыл алаңда болған парадтан кейін Орта Азия елдері мен Қазақстаннан келген 800-ге тарта спортшылар Кремльде қабылдау болды. Қабылдауға М.И.Калинин мен К.В.Росилов қатысты. Сол кезіңнен өлі көз алдымда, — деді Болтай аға жүзі жайрап түсіп.

Абал ағаның өмір жолын тұтас шежіре деуге болады. Техникум бітіргеннен кейінгі басталған еңбек жолы қысқа ғана. Бір жарым жылдай паровоз машинисті болып жұмыс істеген ол 1939 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылған.

II

1995 жылдың мамыр айы, Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 50 жыл толған, осы жеңістің парадына көруге Мәскеуде

тұратын майдандас досы Болтай ағамызды шақырған болатын. Оның осы шақыруға келе жатқан беті.

«Алматы-Мәскеу» жүрік пойызы жүйткіп келеді. Алыстан көрінген кең даланың етегі айналып келіп, әп-сәтте доңғалақ астында қалып жатады. Отарба үстіндегі ұзақ күнді демалыс қиялына қиял қосатындай, содан ба, әлде сағыныштың салдары ма, көз алдына Мәскеуде тұратын досы Константин Федорович келеді. Көп жыл бұрын екеуі бір вагонда, тура осы жолмен батысқа қарай бет алып еді. Бірақ ол кездегі пойыз онша жүйткі алмайтын. Вагондары да қазіргідей жаңға жайлы емес еді. Бұл жолы сол кездің тілімен айтқанда, «Максим» деп аталатын қарапайым жайдақ вагондармен жүріп өткен болатын. Екі дос Белоруссия жеріне жеткенсі екі жаққа бөлінді. Сонан екеуі ұзақ жылдар бойы бір-бірімен кездесе алған жоқ.

Сондықтан бұл жолғы Мәскеу сапарың, кешегі елін қорғауға қатысқан солдаттың сағыныш сапары десе де болады.

III

Сонымен Болтай Тасыбаевтың әскердегі өмір жолы сонау 1939 жылы Белоруссия жерінде басталып, Берлинді жеңіспен алғанға дейін жалғасты.

— Мен 1939 жылы қараша айының аяғында Батыс Белорусиядағы Гродно қаласында орналасқан №11 әскерилер қамтуындағы байланыс батальонының морзист-радистер дайындайтын бөліміне жасақталдым. Бұл курсты 1940 жылы мамыр айында ойдағыдай аяқтап, аға сержант деген шен алып, взвод командирінің жәрдемшісі болып әскери борышымды атқаруды онан әрі жалғастырдым.

1940 жылы маусым айында №11 әскери штабы қарауындағы әскери құрылымдарымен Литва республикасының шекарасынан өтіп, сол кездегі Литваның астанасы Каунас қаласына орналасты. Мен мұнда морзистер кезекшілігін басқардым.

1941 жылы наурыз айында аға фельдшерлікке тағайындалдым. Қарамағайымда бронемашина, оның жүргізушісі және пулеметші болды. Міндетіміз — әскери штабтан құпия құжаттарды әскери бөлімшелерге апарып тапсырып, олардан сондай құжаттарды алып қайту. Неміс әскерлерінің 1941 жылы 22 маусымдағы елімізге шабуылын Литва мен Германияның Пруссия шекарасында бірінші сағатында шайқаспен қарсы алдым.

Сөйтіп Ұлы Отан соғысы басталды. Жаудың күшімен сол кездегі Кеңес одағының Қарулы Күштері тең еместі. Қызыл әскерлер жауға соққы бере отырып, Кеңес жерін, оның көптеген ауылдары мен қалаларын тастап, шығысқа қарай жоспарлы түрде шегінумен болды.

Соғыстың он бесінші күні, Ресейдің батысындағы Новгород, Старая Русса, Холм, Великие Луки қалаларының маңында қорғаныс шебін жасап, неміс фашист әскерлерінің алға жылжуын тоқтаттық. Осы қалаларда өтетін Ловат өзенінің Батыс жағалауында жау әскерлері қорғанысқа көшті. Бұл «Солтүстік-Батыс» майданы деп аталды.

1942 жылдың күзінде II Армия Брянск майданына, 1943 жылы бірін-

ші Белорусия майданына, сол жылы ағамызды шақырған болатын. Оның осы шақыруға келе жатқан беті.

«Алматы-Мәскеу» жүрік пойызы жүйткіп келеді. Алыстан көрінген кең даланың етегі айналып келіп, әп-сәтте доңғалақ астында қалып жатады. Отарба үстіндегі ұзақ күнді демалыс қиялына қиял қосатындай, содан ба, әлде сағыныштың салдары ма, көз алдына Мәскеуде тұратын досы Константин Федорович келеді. Көп жыл бұрын екеуі бір вагонда, тура осы жолмен батысқа қарай бет алып еді. Бірақ ол кездегі пойыз онша жүйткі алмайтын. Вагондары да қазіргідей жаңға жайлы емес еді. Бұл жолы сол кездің тілімен айтқанда, «Максим» деп аталатын қарапайым жайдақ вагондармен жүріп өткен болатын. Екі дос Белоруссия жеріне жеткенсі екі жаққа бөлінді. Сонан екеуі ұзақ жылдар бойы бір-бірімен кездесе алған жоқ.

Сондықтан бұл жолғы Мәскеу сапарың, кешегі елін қорғауға қатысқан солдаттың сағыныш сапары десе де болады.

III

Сонымен Болтай Тасыбаевтың әскердегі өмір жолы сонау 1939 жылы Белоруссия жерінде басталып, Берлинді жеңіспен алғанға дейін жалғасты.

— Мен 1939 жылы қараша айының аяғында Батыс Белорусиядағы Гродно қаласында орналасқан №11 әскерилер қамтуындағы байланыс батальонының морзист-радистер дайындайтын бөліміне жасақталдым. Бұл курсты 1940 жылы мамыр айында ойдағыдай аяқтап, аға сержант деген шен алып, взвод командирінің жәрдемшісі болып әскери борышымды атқаруды онан әрі жалғастырдым.

IV

Оның Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт өмірдегі өмір жолы 1945 жылдың қараша айынан басталды. Алпысыншы жылдарға дейін партия, Кеңес қызметтерінде болған, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына дейін көтеріліп, ел басқару дәржесіне жеткен ағамыз қалған ширек ғасырдан астам өмірінің бәрін жас жұмысшыларды даярлауға, бір сөзбен айтқанда, жастар тәрбиесіне арнаған, яғни 1960 жылы аудандық партия комитеті Болтай Тасыбаевты аудан орталығынан жаңадан ашылған селолық кәсіптік-техникалық училищенің директоры етіп жіберді. Ондағы мақсат — жаңадан ашылған оқу орнын нығайту.

— Училищенің бастапқы құрылған кезі. Қаңқиған бір-екі жатақханадан басқа ештеңе болмайтын. Жетіспейтін заттың атын айтып тауысудың өзі қиын. Оның үстіне оқытушы, маман кадрлардың да тапшы кезі, жауапкершілік мойныға түскен соң қол қусырып, жоғарыдан көмек сұрап отыруға уақыт көнбейді. Неде болса тіршілік қамына кірісу керек болды. Ужымға алдағы міндеттердің ауқымдылығын таныстыра отырып, қызу іске кірісіп кеттік, — дейді ағамыз.

Еткен еңбек еш кеткен жоқ. Соның нәтижесінде 2-3 жылдың ішінде ұжымның және оқушылардың қатысуымен екі жүз орындық клуб, асхана, кенсе, шеберхана, лаборатория үйлерін салынып, іске қосылған. Өндірістік-техникалық база нығайтылған. Оқушы кабинеттік жүйесі толықтай іске асырылған, кішкене училище комплексі

бой көтеріп, айналасы тегістеліп, ағаш егіліп, кенттің көрікті бір орнына айнала бастаған. Қазіргі аудан орталығындағы зәулім ағаштардың орны ол кезде шаңы желді күні аспанға ұшып жататын көбір еді. Аяласаң, жер ананы тулетуге де, түрлендіруге болады ғой.

— «Елу жылда ел жаңа» дейді халқымыз. Иә, елу жылда елде жаңарады екен жер де жаңарады екен. Оған жас кезімде таңырайтын едік. Соны міне, өз басымыздан өткізіп, өз кезімізбен көріп отырмыз.

Ұлы Отан соғысының ардагері Болтай Тасыбаев ағамыз осы әңгіме етіп отырған училищенің негізін қалап, оны облыстағы іргелі орындарының біріне айналдыру жолында қажырлы еңбек етті. Он жеті жылдан астам уақыт директорылық қызметті атқарып, 1977 жылы республикалық дәрежедегі құрметті еңбек демалысына шықты. Оның училищеге жетекшілік жасаған уақытында механизатор кадрларын дайындаудың жоспары үнемі орындалып отырды. Қазіргі кезде аудан шаруашылықтары мен басқа да саладағы ұжымдарындағы механизатор кадрлар осы училищенің түлектері болатын.

Жалпы кезінде шаруашылықтарды механизатор кадрлармен қамтамасыз етуге училище ұжымы үлкен үлес қосты. Бұндай игілікті жұмыс елеусіз қалған жоқ. Сол жылдары Б.Тасыбаев ағамыздың кеудесіне «Құрмет белгісі» ордені тағылды. Талай рет жоғары органдардың «Құрмет» грамоталары және сыйлықтарымен наградталды.

«Құрметті еңбек демалысына шықтым» деп ұстаз қол қусырып қарап отырған жоқ. Өзі жетекшілік еткен ұжымда еңбек демалысына шыққаннан кейін де үзбестен он үш жыл бойы, яғни 1991 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарды. Алдынан түлеп ұшып, халық шаруашылығының сан алуан салаларында еңбек етіп жүрген жастарды ол өз өмірінің жалғасы деп түсінді. Шындығында солай.

Ағамыздың көзі тірісінде даталы мейрам күндері атына келіп жатқан құттықтау телеграммалар мен хаттарда есеп болмайтын. Солардың барлығы арнайы альбом жасады, ондай альбомдардың саны бесуеге жетті. Бұл өзінің ұстаздық жастарға деген ыстық ықыласпен берген тәрбиесінің нәтижесін қолмен ұстағанды көріп отыратын шағын шежіре іспеттес.

Ол «Қазақ воиствующий народ» деп жылылық сезім білдіріп, жауырынынан қаққан еді. Мінекіей, даңқты Маршалдың алақан жылуын ұзақ жылдар бойы арқалап көлемін» деп мақтаншы сезімнің білдіргені де бар-тын.

Өзі ортамызда болмаса да Болтай ағамыздың өмір жолынан алар үлгіміз, тағылым тұтар тұстарымыз әбейсіз екенін айтудың өзі артық. Оның әрбір кездескен жиналдарда, той-думандарда тілек айтып, өліне амандық тілеп, жас ұрпаққа есиет-өнеге айтуды парызым деп санауының өзі ардагер ағаның абыройын одан әрі көтере түсуде. Осындай дуалы ауызды ардагер ағаларымыздың есімі ел жадында жаңғыра бермек.

Шығыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы

Тағзым

Қан майданда қаза болған жауынгер

Екінші дүниежүзілік соғыс халқымыз үшін ең қасіретті кезең болып тарихта қалды. Оның Ұлы Отан соғысы аталуы да ерекше. Майданға аттанған 1,3 миллион боздақтарымыздың тең жартысы ұрыс даласынан туған жеріне оралмады. Сұм соғыстан қайғы жұтпаған бірде-бір отбасы қалмады десек, артық болмас. Отбасының тірегінен қапыда айырылып ана қалды, қаншама ұрпақ әкесіз қалды, қаншама ата-ана қайғыдан қан жұтты. Әсіресе жастайынан соғысқа аттанып, майдан даласында ұрпақсыз мерт болған сол тұстағы жастарды еске алғанда әлі күнге дейін көзге еріксіз жас келеді. Жастайынан Отан қорғауды мақсат етіп, майдан даласында ерлікпен қаза болған азаматтардың бірі Әбілқасым Ерданов еді.



Иә, сол бабаларымыздың ерлігімен келген Ұлы Жеңіске биыл 79 жыл толып отыр. Жылдар жылжып, сол сұрапыл кезеңнен алыстаған сайын біздің бейбіт күн сыйлаған батыр бабаларымызға деген құрметіміздің еселене түсетіні анық. Зымыраған уақытпен бірге аты аңызға айналған бұл соғыстың ақиқатын айтсақ, біз атамыз Әбілқасым Ердановтың тағы да айналғы етпейміз. Себебі ол Отан үшін қанды шайқасқа түсіп, ерлікпен қаза болып, ұрыс даласында хабарсыз кетті. Әбілқасым Ерданов 1923 жылы 21 қыркүйекте Жалағаш ауданы Қаракеткен ауылдық округіне қарасты «Белсәнді» колхозында дүниеге келген. Қаракеткен ауылдық округінде 1929 жылы 7 жылдық мектепке барып, 1935 жылы сол мектепті «үздік» бітіріп шыққан.

Мектепті бітіргеннен кейін «Белсәнді» колхозының шаруашылық саласында 1940 жылға дейін еңбек еткен. 1940 жылдан бастап Қаракеткен ауылдық округінде өзінің зеректігімен, алғырлығымен хатшылық қызметін 1943 жылдың тамыз айына дейін абыроймен атқарған. 1943 жылы қыркүйек айында әскерге шақырылып, сол жақта 6 айлық ұшқыштар даярлайтын курсты бітіргеннен кейін отбасы одан «Ленинград бағытына қарай соғысқа бара жатырмыз» деген хат алады. Одан кейін Германияға қарай бет алғанын баяндайды.

Бұл майдан даласындағы жауынгерден отбасынан жазылған соңғы хат екенін кім білген? Балаушан анамыздың айтуы бойынша, 1944 жылы ол қайтыс болған, себебі сол тұста майдан даласынан «белгісіз солдат қатарына жатады» деген хабар келген.

Мәскеудің орталық архивінің мәліметінше, ол 1944 жылдың 14 желтоқсанда Украина ССР Харьков облысы Велико-бурилицкий ауданы Шапавито-Восточный ауылындағы қорымға жерленген. №7 атқыштар полкінде қызыл әскер болып жаңқиярлықпен шайқасып, «Даңқ» орденімен марапатталған.

Соғыстан кейін ардақ көп жылдар өтеді, бірде үйдің тірлігін жасап, көрпе кетіп отырып анамыз Балаушан еріксіз көзіне жас алып, жүрегі қанжылады.

— Қай жердің топырағы бұйырғы екен балама, ең болмаса жатқан жерін білсем ғой, — деді.

Ол құрығанда баласына бұйырған топырақты бір сипап, рухына құран бағыштауды армандады. Өмірінің соңына дейін осындай қайғымен болды. Осыдан-ақ сұм соғыстың елге қандай қасірет әкелгенін бағамдауға болады. Бір ғана отбасында орын алған жағдай сол тұстағы барша қазақ жұртының басында бар қайғы еді. Інілері Әбдібек пен Сәндібек те өмір бойы іздеу салып, жерленген жерін көруді армандаған. Кейін Әбдібек елге, халыққа қызмет етіп, сол жолдағы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және т.б бірнеше медалмен марапатталған. Ол 52 жасында, келіні Дариха 60 жасында дүниеден озды. Әкемізден тараған 2 ұл, 6 қыз бар, бірнеше немере, шөбере өсіп-өніп, өмірін жалғастыруда.

Кейін білгеніміздей, Әбілқасым атамыздың жерленген жерін ол заманда Кеңес одағы, НКВД жасырын ұстаған, ол тек 2010 жылдың мәліметінен кейін «Пам'ять народа» деген сайтқа шығып, бізге хабар жетпеген. Кейін Әбдібектің балалары біз бірнеше рет іздеу салып, Жанар қарындасымыздың арқасында интернет арқылы табылғанда төбеміз көкке жеткендей қуандық. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, Әбілқасым атамыздың есімі ел жадында жаңғыра бермек. Біздің де жүрегіміздің түкпірінде мәңгілік сақталып, сағынышымыз уақыт өткен сайын еселене түседі.

Иә, олардың ерлік ісі, Отанға адалдығы бүгінгі ескелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Біз осындай жауруық азаматтардың өнегемен, ерлікпен өрілген өмір жолын жастарға есиет ету арқылы патриот ұрпақ қалыптастырамыз.

Әбдіғани ӘБДІБЕКҰЛЫ,
ұрпақтары

2024 жылы II тоқсанда Жалағаш ауданы әкімінің аппаратында аудан әкімінің, оның орынбасарлары мен аппарат басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	Ибраимов Ардақ Әбдіғанаұлы	Аудан әкімі	Жұма күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
2	Нұрмағанбетов Арнұр Әлібекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Бейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
3	Вайнахатов Әліби Қодарұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Дүйсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
4	Сүлейменов Ғани Кенжеғараұлы	Аудан әкімінің орынбасары	Сейсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын
5	Қайнарбаев Ержан Еділбайұлы	Аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәрсенбі күні сағат: 16.00-18.00 аралығы	Апта сайын

Сараптама



Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тоқтам бола ма?

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына қол қойды.



Жаңа заң: Әйелдер мен балаларды қорғай ала ма?

Мемлекет басшысы 2022 жылы 16 наурыздағы және 2023 жылы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатаңдатуды тапсырған. Газетіміздің өткен сандарында жазғанымыздай, ауданда тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүгінде өзектілігін жоймаған маңызды мәселе. Бұл келеңсіздікпен аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері тәулік бойы күресуде. Осы орайда аудандық полиция бөліміне қарасты жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Ұлбосын Ахметовамен тілдескен едік.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұйрығымен әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатып, сондай-ақ отбасы институтының көмелікке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар енгізілді. Тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа тап болған нәзікжандылардың қатары күн сайын артуда. Сондықтан тиісті шараларды дер кезінде қабылдап, алдын алмасақ, соңы қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін, – дейді Ұлбосын Ахметова.

Жаңа заң бойынша денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және

ұрып-соғу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылған. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылған. Нақтырақ айтсақ, ұрып-соғу (ҚР ҚК 109-1 бабы) – 80 АЕК-ге дейінгі айыппұл және түзету жұмыстары, 80 сағат қоғамдық жұмыстар, қамауға алу – 25 күн. Ал ҚР ҚК 109-1 бабы 2-бөлігі бойынша, яғни қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтірсе, 200 АЕК-ге дейін айыппұл салу және түзету жұмыстары, 200 сағат қоғамдық жұмыстар, қамауға алу 50 күн болып бекітілген.

Сонымен қатар жаңа заңда 16 жасқа толмаған балаларға сексуалдық сипатта тіскені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Көмелікке толмағандарды ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін жаза айтарлықтай қатаңдатылды. Көмелікке толмағандарды жәбірлегені (буллинг, кибербуллинг) үшін әкімшілік жауапкершілік алғаш рет енгізіліп отыр. Білім беру ұйымдарына көмелікке толмағандар жасаған немесе оларға қатысты жасалған заңға қайшы әрекеттер туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндеттелді.

16 жасқа дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол ақысын төлемегені үшін оларды қоғамдық көлікпен мейжүрлеп түсіруге тыйым салынды.

Қорғаныс нәзікжандылар мен көмелікке толмаған жасөспірімдер мемлекеттің жіті назарында.

2 мыңнан астам бала зорлық-зомбылыққа тап болған

Бытыр елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 100 мыңға жуық арыз-шағым түскен. Оның 2 мыңнан астамы балаларға қарсы жасалған қылмыстарға байланысты. Олардың ішінде көмелікке толмағандарға қатысты 700-ден аса зияндық қылмыс тіркелген. Яғни күн сайын кемі 6 қылмыс тіркеледі. Оның ішінде азаптау, ұрып-соғу, бопсалау, қасақана қауіп-қатерге душар қылу сынды оқиғалар жиі кездеседі.

Осындай заңсыздықтарға барған 79 мың адам әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 1000-ға жуық адамның үстінен қылмыстық іс қозғалған.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Әбденнің айтуынша, күн сайын 6 балаға қатысты қылмыс жасалып, 300-ден астам адам тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Балалар арасында 1 күнде 5 қылмыс жасалса, жылына 150 жеткіншек терезеден құлап кетіп, жазатайым жағдайға ұшыраған. Бытыр тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан 69 әйел мен 7 бала қайтыс болған. Ал жыл басынан бері «102» пультіне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 21 мыңнан астам хабарлама түскен. 34 мыңға жуық адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Еліміздегі отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болатын көп жасқа толмағандылар мен көмелікке жасқа толмаған балалар екені анық. Ал әлемде әр сағат сайын онға жуық әйел немесе қыз өз отбасы мүшелерінің бірінің қолынан жасалған зорлық-зомбылықтан қайтыс болады.

Аудандағы ахуал қалай?

Бытыр аудан көлемінде әйел адамға қатысты жасалған құқық бұзушылық бойынша 100-ге жуық отбасынан хабарлама түскен. Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары жеке бастың құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылық бойынша ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73 бабына сәйкес 93 адамға шара көрген. Бұл тұста бытыр аудан

бойынша 37 азамат сот шешімімен қамауға алынған. Оның 15-і осы заң аясында бірнеше мәрте қамалған. ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сай тұрмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты 77 қорғау нұсқамасы шығарылып, аудандық сотпен құқық бұзушылардың мінез-құлқына 22 ерекше талап белгіленген.

Жыл басынан бері отбасылық тұрғыдағы жанжалдардың 44 дерегі тіркеліп, оның 12-сі әкімшілік кодекстің 73 бабына сәйкес қамауға алынған. Қорғау нұсқамасын бұзған әкімшілік кодекстің 461 бабына сәйкес 2 азаматқа шара көріліп, қамаққа алынса, 5-еуіне ескерту берілген. Ерекше талап шектеулерін бұзғаны үшін әкімшілік кодекстің 669 бабының 3 бөлігімен 8 азамат қамауға алынған. Есепті мерзімде атқарылған профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде 2023 жылмен салыстырғанда отбасылық тұрғыда жасалған қылмыстар 100 пайызға төмендеген.

Аудандық сот мамандарының мәліметінше, бытыр тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 78 іс қаралған. Оның 31-іне жаза тағайындалса, 10-ына ескерту берілген. 21 азамат әкімшілік қамауға алынған. Ал жыл басынан бері олар 34 істі қарағанын айтады. Оның 5-еуіне ескерту берілсе, 16-сы қамауға алынған. 13 іс қысқартылып, 9-ы медиация арқылы татуласқан. Ал 21 азаматқа жаза тағайындалған.

Мәселен, А.Е. есімді азамат 12 наурыз күні сағат 18:30 шамасында әйеліне мас күйінде былапыт сөздер айтып, отбасы тыныштығын бұзған. Ол бұл әрекетті бұрын әкімшілік жаза қолданылғанын кейін бір жыл ішінде қайталаған. Сондықтан оған 10 тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жаза тағайындалған.

Мамандардың айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдарынан отбасындағы нәзікжандылар ұрып-соғуды, қорқыту мен қорлаудың құрбаны болған. Салдарынан сәтсіз отбасылардың саны артып, ажырасуға бел буған отбасылар қатары да артқан. Мәселен, бытыр 39 отбасы ажыраса, биыл жыл басынан бері 12 отбасының шаңырағы шайқалған.

Түйін: Бұл – жалпыға ортақ мәселе. Шаңырақ шайқалмас үшін ата-аналар қыз баланың тәрбиесімен қатар ұл балалардың да тәрбиесіне аса мән берген жөн. Ер бала шаңырақтың тұтқасы деп жатамыз. Ал сол шаңырақтың тұтқасы бала күнінен анасы мен қыз баланы сыйлап өссе, болашақта шаңырағының берекесін арттыратын жарына зорлық-зомбылық көрсетпейтіні анық.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Бәрекедді!

Аналар құрмет төрінде

**Шынайы жүздермен.
 Ең жақсы сөздермен.
 Жарқырап күліп тұрған,
 Жайнаған көздермен.
 Жолыққан қандай жақсы,
 Жолыққан қандай жақсы.**



Киелі Түркістан төрінде «USHAR KZ» Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен ІІ республикалық «Шуақты шақ – 2024» ата-әжелер ансамблінің және жеке орындау бойынша ән байқауы өтті. Аталған байқауда осы әсем әуенді шырқаған аудандық «Ұлағатты аналар» кеңесі бас жүлдені иеленіп, алтыннан алқа тақты.

Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі алдыңғы буын асыл аналарымызды қоғамдық шараларды белсене қатыстырып, отбасылық дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатындағы ән байқауда жалағаштық аналар хор, трио, дуэт және жеке орындау көздерінде үздіктер қатарынан көрінді.

Талантымен таңдай қақтырып, үнінің сыңғыры бұзылмаған аналар халық әндерінің тарихына қанық болып, әркез жатқа айтып жүреді. Қазіргі уақытта ансамбльге Айқын Жақсылықова жетекшілік жасайды. Ансамбльдің құрамында 20 өнер көрсетеді. Олардың әрқайсысы – ауылдың дамуына өз үлесін қосып жүрген, әр саланың үздігі. Олар өнер ұжымында тек қана ән айтып қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлесін қосуда.

Олар кейінгі ұрпаққа тағылымын насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйгендерін үйретіп, қоғамдық шараларда да белсенділік танытады. Өнердің берекесін арттырып жүрген аналардан құралған ансамбль мүшелерінің жасы енді қырыққа қадам басса, ең үлкені алпыстың ауылына ат басын бұрған. Киелі Түркістан төрінде аудан намысын қорғаған ақжолды аналардың қатарында аудандық, ауылдық округтердегі «Ұлағатты аналар» кеңесінің тәрбиімдары, мүшелері бар.

Аудандық «Ұлағатты аналар» кеңесі 2021 жылы құрылып, сол уақыттан бері ұрпақтар сабақтастығын сақтауға, ұлттық дәстүрлер мен отбасылық құндылықтарды нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Оларға апта басында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов құрмет көрсетіп, аналар кеңесінің мүшелеріне алғысын білдіріп, аудан әкімі Қардақ Ибраимовтың алғыс хатын табыстады.

Мұнан бөлек «Жалағаш – достық мекені» қоғамдық бірлестігінің тәрбиаймы, саналы ғұмырын білім саласына арнаған ұлағатты ұстаз Дина Мирмаң, аудандық аналар кеңесінің тәрбиаймы Айқын Жақсылықова, аудандық өйелдер кеңесінің тәрбиаймы Эльмира Әбсатова жанының маңыздылығына тоқталып, алдағы уақытта да аналар қоғам өмірінде белсене араласа беретінін жеткізді.

– Ұжымдағы аналардың бері өнерлі. Аналарымыз байқауға өнерінен бөлек тәтті тағамдарын да алапып, көпшіліктің көңілінен шықты. Бұл байқауға неше күн бойы тынымсыз күні-түні дайындалдық, Әздеріңіз білетіндей, байқау 4 кезеңнен тұрды. Хордан бас жүлде, триодан I орын, дуэттен II орын иеленсе, жеке дауыста Сандуғаш Талқанбаева да жеңісті жолды жалғап, I орын иеленді. Әр кезеңге жетекшілік жасаған аналарым мен демеушілерге, Барша «Ұлағатты аналар» кеңесінің мүшелеріне алғысым шексіз. Бұлар өнерімен көпшіліктің жүрегін жаулады, – дейді «Қоғамдық келісім» КММ аудан бойынша этносаралық қатынастар жөніндегі сарапшысы Әсел Балмырзаева.

Иә, тәлім мен тәрбиенің тұнығы болған аналар қашанда құрметке лайық. Қай кезде де мәдени шараның сөнін келтіріп жүретін «Ұлағатты аналар» кеңесінің өнері өмірден, еңбектері ерөн.

Сезім НҰР



Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
 Жалағаш аудандық
 «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
 Бас редактор
 Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат қолтаңбасымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 702